ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

«БЕКІТЕМІН»
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ректоры, п.ғ.д., профессор
_____ М.Н. Сарыбеков
«01» _____ 2026 ж.

SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, СТАРТАП-ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕРДІ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

СМЖЕ 4-2-7-2023

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Тараз 2026 ж

АЛҒЫ СӨЗ

1. **Әзірлегендер** — Ғылым және инновация басқармасының басшысы К.Қ.Шилібек
2. **Келісілді:** — Стратегия, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Г.Б. Исабекова
   Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасының басшысы А.С. Букутова

3. Университет Ректорының 15.09.2026 жылғы № 02 өкімімен бекітілді және іске қосылды.

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Қолдану аясы	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Нормативтік құжаттар	4
5	Негізгі терминдер, қысқартулар және белгілер	4
6	Инновациялық қызметтің мақсаты, міндеттері және қағидаттары	5
7	Инновациялық қызметті ұйымдастыру	5
8	Стартап-жобаларды әзірлеу және қолдау	5
9	Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру	6
10	Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	6
11	Инновациялық жобаларды сараптау және іріктеу	6
12	Инновациялық жобаларды қаржылық және материалдық қолдау	6
13	Инновациялық жобаларды іске асыру және нәтижелерін бағалау	7
14	Қатысушылардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі	7
15	Мониторинг және ақпараттық қамтамасыз ету	7
16	Қорытынды ережелер	7
17	Қосымшалар	8
18	Келісу парағы	11
19	Танысу парағы	12
20	Тарату парағы	13
21	Өзгерістер енгізу парағы	14

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде (бұдан әрі – Университет) инновациялық қызметті ұйымдастыру, стартап-жобаларды әзірлеу мен қолдау және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру тәртібін айқындайды.

1.2. Ереже Университеттің білім алушыларына, ғылыми-педагогикалық қызметкерлеріне, жас ғалымдарына және инновациялық жобаларға қатысатын өзге де тұлғаларға қолданылады.

1.3. Инновациялық қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Университеттің жарғысына, стратегиялық құжаттарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.4. Осы Ереже инновациялық идеяларды анықтау, қолдау, дамыту, енгізу және коммерциялық айналымға шығару үшін ұйымдастырушылық негіз қалыптастырады.

2. ҚОЛДАНУ АЯСЫ

2.1. Ереже ғылыми-зерттеу нәтижелерін практикалық қолдану, технологияларды әзірлеу және енгізу, стартап-жобаларды қалыптастыру, инновациялық өнімдер мен қызметтерді жасау және оларды нарыққа шығару жөніндегі қызметке қолданылады.

2.2. Ереже Университетте жүзеге асырылатын ішкі және сыртқы инновациялық жобаларға және Университет қатысатын коммерцияландыру жобаларына қолданылады.

3. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

3.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, авторлық құқық және зияткерлік меншік саласындағы заңнамаға және өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленеді.

3.2. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру мәселелері қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен реттеледі.

3.3. Нормативтік құқықтық актілер өзгерген жағдайда, осы Ереже олардың қолданыстағы редакциясына сәйкес қолданылады.

4. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

4.1. Университеттің жарғысы, стратегиялық даму құжаттары, ғылыми және инновациялық қызметке қатысты ішкі ережелер, зияткерлік меншік объектілерін қорғауға қатысты құжаттар және жобаларды қаржыландыру жөніндегі шешімдер басшылыққа алынады.

4.2. Нақты жобаны іске асыру кезінде конкурс талаптары, гранттық қаржыландыру шарттары, серіктестік келісімдер және өзге де тиісті құжаттар қолданылады.

5. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕР

5.1. Негізгі терминдер

Инновациялық қызмет – жаңа немесе жетілдірілген өнімдерді, технологияларды, процестерді және көрсетілетін қызметтерді әзірлеуге, енгізуге және пайдалануға бағытталған қызмет.

Стартап-жоба – жаңа өнімді, технологияны немесе қызметті әзірлеу және нарыққа шығару мақсатында іске асырылатын инновациялық жоба.

Ғылыми нәтиже – ғылыми-зерттеу қызметі барысында алынған және практикалық қолдануға немесе одан әрі ғылыми-технологиялық дамытуға мүмкіндік беретін нәтиже.

Коммерцияландыру – ғылыми және технологиялық нәтижелерді практикалық қолдану арқылы өнімдерді, процестерді немесе көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару және табыс алуға бағытталған қызмет.

Технология трансферті – технологияны, техникалық шешімді, ноу-хауды немесе тиісті құқықтарды бір субъектіден екіншісіне беру немесе пайдалануына ұсыну процесі.

Зияткерлік меншік – заңнамаға сәйкес қорғалатын интеллектуалдық қызмет нәтижелері мен дараландыру құралдарына қатысты құқықтар.

Инновациялық жоба – жаңа немесе жетілдірілген шешімді әзірлеуге және оны практикалық қолдануға бағытталған жоба.

5.2. Қысқартулар

Университет – Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті.

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмысы.

ЗМ – зияткерлік меншік.

6. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАҒИДАТТАРЫ

6.1. Мақсаты – Университеттің ғылыми және инновациялық әлеуетін практикалық нәтижелерге айналдыруға, стартап-жобаларды дамытуға және ғылыми нәтижелерді коммерцияландыруға жағдай жасау.

6.2. Негізгі міндеттері: ғылыми нәтижелерді практикалық қолдануға және коммерцияландыруға жағдай жасау; стартап-жобаларды анықтау, дамыту және сүйемелдеу; инновациялық идеяларды өндіріске және қызмет көрсету саласына енгізуге ықпал ету; инвесторлар, бизнес және ғылыми ұйымдармен өзара іс-қимылды дамыту; зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және инновациялық мәдениетті қалыптастыру.

6.3. Инновациялық қызмет ашықтық, заңдылық, ғылыми негізділік, тиімділік, зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және мүдделер теңгерімі қағидаттарына негізделеді.

7. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1. Инновациялық қызмет ғылыми-зерттеу нәтижелерін анықтау, перспективалы идеяларды іріктеу, технологиялық және нарықтық әлеуетті бағалау, прототиптер мен пилоттық үлгілер әзірлеу, сериктестер тарту және нәтижелерді енгізу бағыттарында ұйымдастырылады.

7.2. Университет инновациялық бастамаларға консультациялық, ақпараттық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсете алады.

7.3. Инновациялық қызметті үйлестіру Университет басшылығы айқындаған құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға арқылы жүзеге асырылады.

8. СТАРТАП-ЖОБАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

8.1. Стартап-жоба ғылыми идея, технологиялық шешім немесе нарықтағы нақты мәселені шешуге бағытталған инновациялық ұсыныс негізінде әзірленеді.

8.2. Стартап-жобада мәселе, шешім, мақсатты тұтынушы, нарықтық қажеттілік, бизнес-модель, ресурстар және күтілетін нәтиже ескеріледі.

8.3. Университет стартап-жобаларға менторлық, консультациялық, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсете алады.

8.4. Стартап-жобаларға студенттер, жас ғалымдар, ғылыми-педагогикалық қызметкерлер және басқа да мүдделі тұлғалар қатыса алады.

9. ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕРДІ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

9.1. Ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру олардың ғылыми, технологиялық, құқықтық және нарықтық әлеуетін бағалаудан басталады.

9.2. Коммерцияландыру тетіктеріне лицензиялық шарттар жасау немесе құқықтарды беру, стартап-компания құру, ғылыми нәтижені өндіріске енгізу және заңнамада көзделген өзге де тәсілдер жатады.

9.3. Коммерцияландыруға байланысты шарттық қатынастар жеке шарттармен рәсімделеді.

9.4. Университет инвесторлармен, кәсіпкерлік субъектілерімен, ғылыми ұйымдармен және өзге де серіктестермен ынтымақтастық орната алады.

10. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

10.1. Инновациялық жоба немесе ғылыми нәтиже бойынша зияткерлік меншік құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады және қорғалады.

10.2. Ғылыми нәтижені жариялау немесе ашық тарату алдында қажет болған жағдайда оның құқықтық қорғау мүмкіндігі бағаланады.

10.3. Бірлескен жобаларда зияткерлік меншікке қатысты құқықтар тараптардың келісімімен және қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалады.

11. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ САРАПТАУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ

11.1. Жобаларды іріктеу кезінде ғылыми-техникалық жаңалығы, практикалық маңыздылығы, технологиялық іске асырылуы, нарықтық әлеуеті, ресурстық қамтамасыз етілуі және күтілетін нәтижелері ескеріледі.

11.2. Қажет болған жағдайда жоба тәуелсіз сарапшылардың, салалық мамандардың немесе тиісті құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен қаралуы мүмкін.

11.3. Іріктеу нәтижелері бойынша жобаны қолдау, пысықтау, қайта қарау немесе одан әрі іске асыруға ұсыну туралы шешім қабылданады.

12. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОЛДАУ

12.1. Инновациялық жобалар Университеттің қаражаты, гранттық және бағдарламалық қаржыландыру, демеушілік, инвестициялық және заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

12.2. Қаржыландыру көлемі мен шарттары жобаның мақсатына, ресурстық қажеттілігіне және қаржыландыру көзіне сәйкес айқындалады.

12.3. Университет зертханалық жабдықтарды, инфрақұрылымды және ақпараттық ресурстарды қолданыстағы тәртіппен пайдалануға мүмкіндік бере алады.

13. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

13.1. Жобаны іске асыру кезеңдері, мерзімдері, жауапты тұлғалары және күтілетін нәтижелері жоба құжаттарында айқындалады.

13.2. Жобаның нәтижелері ғылыми-техникалық, технологиялық, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштер бойынша бағалануы мүмкін.

13.3. Қажет болған жағдайда жоба нәтижелері бойынша оны жалғастыру, кеңейту, коммерцияландыруға шығару немесе тоқтату туралы шешім қабылданады.

14. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

14.1. Қатысушылар инновациялық жобаларға қатысуға, консультациялық және әдістемелік қолдау алуға құқылы.

14.2. Қатысушылар жобалық міндеттерді орындауға, Университеттің ішкі тәртібін, академиялық адалдық талаптарын және зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға міндетті.

14.3. Қатысушылардың жауапкершілігі заңнамаға, осы Ережеге және жасалған шарттарға сәйкес айқындалады.

15. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

15.1. Университет инновациялық жобалардың іске асырылуы және ғылыми нәтижелердің коммерцияландырылуы туралы ақпаратты жоспарлау, талдау және қолдау шараларын жетілдіру мақсатында жинақтай алады.

15.2. Ақпарат жобаның сипатына және қажеттілігіне қарай құрылымдық бөлімшелерден немесе жоба қатысушыларынан сұратылады.

15.3. Осы Ереженің қосымшаларында көзделген нысандар барлық жобалар үшін тұрақты есептілік ретінде міндетті болып табылмайды және тек тиісті жағдайларда қолданылады.

15.4. Мониторинг нәтижелері инновациялық қызметті жетілдіру және перспективалы жобаларды қолдау үшін пайдаланылады.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Осы Ереже Университет басшысының тиісті актісімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

16.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

16.3. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес шешіледі.

17. ҚОСЫМШАЛАР

1 – қосымша
2 – қосымша
3 – қосымша

Қосымша 1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ/СТАРТАП-ЖОБАҒА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ӨТІНІМ

№	Жоба атауы	
1	Жоба жетекшісі	
2	Жобаға қатысушылар	
3	Инновациялық идея/шешімнің қысқаша сипаттамасы	
4	Күтілетін нәтиже	
5	Қажетті қолдау түрі	
6	Күні	
7	Қолы	

Қосымша 2

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБА ПАСПОРТЫ

№	Жоба атауы	
1	Жоба жетекшісі және командасы	
2	Мәселе және ұсынылатын шешім	
3	Инновациялық ерекшелігі	
4	Мақсатты тұтынушы/нарық	
5	Жобаны іске асыру кезеңдері	
6	Қажетті ресурстар	
7	Күтілетін ғылыми/технологиялық және коммерциялық нәтиже	
8	Зияткерлік меншік объектісі (бар болса)	

Қосымша 3

ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕНІ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

(қажет болған жағдайда)

№	Ғылыми нәтиженің атауы	
1	Автор(лар)	
2	Ғылыми нәтижеге қысқаша сипаттама	
3	Практикалық/нарықтық қолданылуы	
4	Коммерцияландырудың ұсынылатын нысаны	
5	Ықтимал серіктес/тұтынушы (бар болса)	
6	Қосымша ақпарат	

18. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Ғылым және инновация басқармасының басшысы	К.Қ. Шилібек		01.03.2026
Стратегия, ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры	Г.Б. Исабекова		01.03.2026
Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу басқармасының басшысы	А.С. Букутова		01.03.2026

19. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні

20. ТАРАТУ ПАРАҒЫ

р/н	Дана нөмірі	Берілген күні	Құрылымдық бөлім	Берілді (Аты-жөні, тегі, қолы)	Алды (Аты-жөні, тегі, қолы)
1	3	4	5	6	7

21. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ПАРАҒЫ

р/н	Бөлім №	Парақ №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерістер	Қолы
1	2	3	4	5	6	7